


СЕМИОСФЕРА

Техникалық даму – мәдениеттану мәселесі ретінде

3-тарау. Мәдениет және ақпарат





Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 23. Техникалық даму – мәдениеттану мәселесі ретінде

Қоғамның ғылыми және техникалық таным жүйесіндегі күрт өзгерістер адамзат мәдениетінің тарихында жиі орын алады. Алайда кей кезеңдерде, өзгерістер кең ауқымды сипат алып, оның нәтижесі адамзаттың бүкіл өмір салтын және барлық мәдени таным-түсінігін толықтай өзгеріске ұшыратады. Осы кезеңдерде орын алған өзгерістердің дүниені кеңінен қамтығаны соншалық, олар барынша терең жанаспаған адамзат тарихының бір де бір жағын атап айта алмаймыз. Сонымен қатар, осы кезеңдерде болған өзгерістер ғарыштың бір бөлігі ретінде ғаламшарымыздың өміріне әсер етті. Демек, олардың нәтижелері зертханалардың қабырғасынан асып кетті. Бүгінгі ұлы революциялардың салдарын зерттеу қазіргі уақытта тек академиялық сипатқа ғана тән дүние емес. «Болашаққа көз жүгірту» ұмтылысы тек адамға тән қасиет. Әсіресе дағдарыс кезеңдерінде ол өте күрделі сипатқа ие. Осы кезде ұзақ мерзімді тарихи болжамдардың әлі күнге дейін сенімсіз екендігін ескере кеткен жөн. Бұның себебі:

Бір жағынан, адамзаттың тарихи дамуы, құрылымның ерекше түрі ретінде, артықшылықты жеңуге арналған тетіктерді қамтиды. Олай болмаған жағдайда, көптеген мыңжылдықтар бойы жалғасып жатқан адамзаттың тарихи жолы бұрын-соңды ақпараттық тұрғыдан артығымен және толық болжанған болар еді. Бұл кез келген белсенділікті фаталистік түрде үзілді-кесілді жоққа шығарар еді.

Екіншіден, тарихи себептілік заңдарының күрделі сипаты бір мәнді болжаудың мүмкіндігін шектейді және табиғаты баламалы спектр ретінде футурологиялық үлгілерді құру үшін мұқият болуын талап етеді. Бұл жағдайлар өткен осы аналогиялық оқиғаларға мұқият қарауды міндеттейді. Мұндай жағдайда салдарларды бізге белгілі шындық ретінде қарастыра аламыз.

Ғылыми-техникалық салада жойқын төңкерістік өзгерістердің әсерінен адам мен оның айналасындағы әлем толығымен өзгерген кездегі үлкен дағдарыс дәуірінің салдарларын қарастыру, ең алдымен, мұндай өзгерістің кеңістік шекаралары барған сайын неғұрлым жаһанданып, хронологиялық шектеуі бірте-бірте бәсеңдеген деген тұжырымға әкеледі. Бұл, оқиғаларға қарапайым қатысушының психологиясы үшін апат ретінде өзгеру тәжірибесі біртіндеп нашарлайды деген сөз. Егер мәліметтердің толық еместігі белгілі жағдайда барынша жинақтау сипатымен шартталған тұжырымдардың сызбанұсқалық сипатын алдын-ала анықтау қажет болса, ең алдымен ақпаратты беру және сақтау салаларындағы революциялық өзгерістер ескерілуі керек. Ақпараттық мүмкіндіктердің күрт кеңеюі қоғамдық еңбекті ұйымдастыруда, ал жадтың кеңеюі – оның нәтижелерін есептеуде тікелей көрініс тапты.

Жуық арадағы салдарлар қайталанғыштыққа тап болады: жаңа қуатты құралдарды өз қолдарына алғаннан кейін, қоғам өзінің мүмкіндіктерін көлемдік жағынан кеңейте отырып, оларды алдымен ескі мақсаттарда пайдалануға тырысады. Осылайша, мысалы жазу шыққанға дейінгі өркениеттер күрделі басқару аппаратын ұйымдастыра алмады, сондықтан өздерінің құрылысқа қатысты ой-жоспарларын шектеуге тура келді. Жазудың пайда болуы тамаша ғибадатханалар, пирамидалар және басқа да пайдасы жоқ құрылымдар салуды жүзеге асыра алатындай қылды, бұл қоғамның мойнына қайта қалпына келмейтін адам айтқысыз шығындар артты. Сонымен бірге әкімшілік аппарат жетілді, бірақ ол осы ретте өзін-өзі ұлғайтуға серпін алды да, әлеуметтік қажеттіліктер шегінен асып түсті. Ауызша есте сақтау көлемі шектеулі болды және нені сақтау керектігін қатаң түрде анықтап отырды. Міндетті еместер ұмытылып жатты. Жазу-сызу қажетсіз нәрселерді де сақтап, сақтау көлемін шексіз ұлғайтуға мүмкіндік берді. б.з.д. екі мың жыл шамасында Ежелгі сириялық Эбла қаласының маңында жүргізілген қазба жұмыстары барысында сына жазулы тақташалардың орасан зор сарай мұрағаты табылды. Қазылып алынып, өңделген бөлігі, негізінен, шаруашылықты басқарумен байланысты және Эбланың шынайы өндірісінің жұпыны көлемімен салыстыруға келмейді. Бұл өз заманының ірі шаруашылық және сауда орталығы болған, әрі, сол уақыт өлшемімен алғанда, оның айырбас-өндірістік қызметі де елеулі болған. Бірақ оның мұрағаты қазіргі заман талабымен қарағанда да үлкен. Дегенмен көне замандағы бюрократияның дамуы жазу пайда болуының алғашқы салдары ғана болды. Нағыз мәдени түрге аса терең, түбегейлі өзгеріс енгізген, басқа, тікелей қарама-қарсы салдар болды: жазудың пайда болуы жеке шығармашылық дәуіріне алып келді. Оған дейін тек ұжымдық жадтың цензурасынан өткен және дәстүрге айналғандар ғана сақаталатын еді. Жазып алу мүмкіндігі жеке шығармашылыққа есік ашты, жеке тұлғаның мәртебесін күрт өзгертті. Осы сәттен бастап өркениет тұлғалық және жеке шығармашылық идеялармен байланысты. Дәстүрге сақтаушы қызмет берілсе, жеке тұлға тарихтың ашытқысы,



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 23. Техникалық даму – мәдениеттану мәселесі ретінде

оның динамикалық бастамасы болып қалыптасады. Өнертабыс күнделікті жайтқа айналып, тарихи процестің жылдамдығы дереу арта түсті.

Осындай құбылыстың белгілі бір параллелизмін кітап басудың ойлап табылуынан және Қайта өрлеу дәуірінің бүкіл ғылыми-техникалық қозғалысынан көруге болады. Батыс Еуропадағы тосын сипатты экономикалық процесс ерте буржуаздық қатынастардың қалыптасуына әкеледі. Ал байланыс техникасының дамуы, теңізде жүзудің жетілуі, жолдардың салынуы тұрақсыз сауда қатынастарын тұрақты ұлттық нарықтарға айналдырды. Алайда, нарықтардың шекарасы және саяси бірлік ретіндегі мемлекеттердің шекараларының тілдік шекараларға анық тартылуы және дәл осы тілдің бірлігі орта ғасырдың ала-құла саяси шекараларынан көптеген ауытқулар арқылы жаңа дәуірдің соғысын басынан кешіріп барып өтетін еуропалық шекаралардың тұрақтануына өтудегі ең маңызды өлшем-шарттардың бірі болып табылатындығын кездейсоқ деп санауға болмайды. Дәл осы баспа ісі дамыған ғасыр, бір жағынан, жергілікті диалект, екінші жағынан, шекаралары саяси не ұлттық емес, конфессиялы болған қасиетті тілдер ұлттық әдеби тілмен алмасқан дәуір болды.

Ренессанс дәуірін сол кездегі адамдар, ең алдымен, барлық мүмкіндіктердің кеңею уақыты деп қабылдаған. Мүмкін емес, орындалмайтын және тыйым салынған нәрселер болуы әбден мүмкін, орындалатын және рұқсат етілген болды. Мүмкіндіктердің кеңеюі ең алдымен, олардың көлемінің артуы ретінде қабылданды: кеме конструкциясының жетілуі ұзаққа жүзу мүмкіндігін тудырды. Белгісіз жерлер ашылып, әлем кеңейе бастады. Қола құю техникасының жетілуі Донателлоның, Челлини мен Леонардо да Винчидің жауһардай мүсіндерін ғана тудырып қоймай, әбден жетілген зеңбіректерді дүниеге әкелді, ал 1480 жылдардағы түйіршікті оқ дәрінің ойлап табылуы және салмағы мен пішіні стандартты ядро өндірісі соғыс әрекеттерінің сипатын өзгертті. Осы өнертабыстың маңыздылығы олардың тікелей әскери немесе техникалық мақсаттарының шегінен асып кетті. Баспа өнеркәсібі ғылымның аясын кеңейтті және нақыштау техникасының жетілуі, негізі Дюрерге тиесілі, ал Рембранд толыққанды биік өнерге айналдырған офорттың ойлап табылуы «сурет» және «тираж» ұғымдарын біріктірді. Бірегейлік пен көп таралымдық Ренессанс мәдениетінде қайшылықты түрде үйлесім тапты.

Ғылымның, техниканың, мәдениеттің жылдам өркендеу атмосферасы адам данышпанның шексіз билігіне оптимистік тұрғыда сену психологиясын тудырды, адамның кемеңгерлігінің, оның болмысындағы күш-қуаттың және оның шексіз мүмкіндіктерінің алдында бас иідірді. Ғалымдардың ізденісі табиғаттың жаратылыстық тәртібін өзгертуге бағытталды. Оның негізінде гуманизм мәдениеті, адам тұлғасының құндылығы идеясы жасалды, тамаша өнер дүниеге келді. Сонымен бірге ұлттық идеялар күшейе түсті, ортағасырлық жалпы әлемдік идея ұлттық тілдер мен ұлттық мәдениет идеяларына ауысты, орталықтандырылған басқару аппараты бар ұлттық мемлекеттер қалыптаса бастады. Техникалық машиналар ғана емес, мемлекеттік машиналар да жетілді. Басқару техникасы – бухгалтерлік есептіліктен бастап, билік машинасына дейін революциялық төңкерісті басынан кешірді. Баспа ісі, жол салу, құрлықтық және теңіз байланыс құралдарының жақсаруы адамның қарым-қатынас психологиясын толығымен өзгертті. Дегенмен осынау жарқын көрініске мән беріп қарасақ өз келбетін айтарлықтай өзгертеді. Ренессанс Ағартушылар тарапынан қабылданған және көпке дейінгі ғалымдардың тұжырымдарын айқындаған дамудың өз мифін қалыптастырды. Ол мифке сәйкес, барлық қараңғылық, табынушылық және қантөгістер орта ғасырдың сарқыншағы болды. Бірқатар фактілер осы үлгіге қайшы келеді. Ең алдымен, технологиялық ілгерілеу бірден таңқалдырып қана қоймай, қорқынышты да тудырғаны назар аудартады. Бұл әсіресе артиллерияға қатысты болды, кей адамдар оны шайтанның арам ойы деп көрген. Ұлы Ренессанс тарихшысы Франческо Гвишардини оны тозақтың тұқымы деп атады. Ариосто оның бойынан асыл текті әскери өнердің опат болып бара жатқандығын көріп, «дәстүрлі» қару-жараққа қайта оралуды армандады.

Қайта өрлеудің гуманистері өздері жасаған техникаға қарғыс айтты. Әсіресе, оның «ұстанымсыздығы», яғни екі жаққа да қызмет ете алуы қорқытатын: егер венгерлік инженерлер зеңбіректермен қамтамасыз етпесе, II Мехмет 1453 жылы Константинопольді ала алмас еді. Алайда, Қайта өрлеу гуманистерін тағы бір жайт мазалайтын: ғылымның, техниканың, білімнің барлық салаларының дамуы жалпы өмірдің иррационалды болжамсыздығын азайтқан жоқ, керісінше, арттырды. Ғылыми-техникалық революция дүниеден кездейсоқтықты қуып



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 23. Техникалық даму – мәдениеттану мәселесі ретінде

шығарудың орнына, сол кездің адамы үшін болжамсыздық салтанат құрған жаңаша шындық болмысты қалыптастырды. Қайта өрлеудің ұлы ойшылдарының бірі Никколо Макиавелли астрологияны да, Құдайдың араласуын да жоққа шығарып, адамның тағдырын кездейсоқ жайт пен еріктің арасындағы күрес дегенге келтірді.

Қайта өрлеу дәуірі – бұл «Ренессанс алыптарының» дәуірі ғана емес, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Дюрер немесе Эразм Роттердамскийдің өмірбаяндарының жинағы да емес. Бұл адами қарым-қатынастардың, ой-сана мен тұрмыс құрылымының жаңа дәуірі. Орта ғасырларда балалықтың бағасы болған жоқ, ал әйелдерден қорқатын, темір қымбат металдармен бірдей бағаланды, кітап ғибадатханалардың еншісінде ғана болды. Қайта өрлеу дәуірі тәрбиенің гуманистік идеяларын, ал отбасылық өмірде – бала культін тудырды. Әйел – Жаратқан Иенің ең керемет жаратылысы деп жария етілді, суретшілер мен ақындардың бас ию нысанына айналды және білімдарлар қатарына қабылданды. Халықтық кітап пен арзан гравюралар тұрмысы орташа қалалықтардың тұрмысына еніп кетті. Темір бұйымдар: қайшылар, пышақтар, шанышқылар, құлыптар мен ілмектер, күймелер мен ат әбзелдерінің болаттан жасалған бөліктері – күнделікті өмірге енді. Еуропаның жолдарында күймелер шапқылады, ал сағаттар мен атыс қаруы қарапайым саяхатшылардың жолсерігіне айналды. Теңізшілер жетілген навигациялық құралдарға ие болды. Бірақ адам сол жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзін қалай сезінді?

Өте жылдам – екі-үш ұрпақтың жадында, яғни тарихи тұрғыдан болмашы ғана уақытта – бүкіл өмірдің, оның әлеуметтік, моральдық, діни тіректерінің және құндылықтардың өзгеруі бұқара халықты бағыт-бағдарынан ажыратып, сенімсіздігін тудырды, қорқыныш пен төніп келе жатқан қауіп сезімдерін шақырды. Бұқаралық психология зерттеушісіне қызықты және әлі де толығымен түсіндірілмеген, XV ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың ортасына дейін Батыс Еуропада белең алған тарихи үрейдің шарықтауын тек осылай түсіндіруге болады. Бұл кезең қарқынды әлеуметтік қозғалыстарға толы болды. Бірақ, егер идеология тарихшысын осы қозғалыстардың шынайы таптық мазмұны қызықтырса, бұқаралық психологияның тарихи динамикасын зерттеуші сол уақыттың идеялары көрініс беретін психологиялық формалардан айналып өте алмайды. Идеялар тарихи құжаттардың ғылыми түсініктемесі жасалған басылым беттерінде емес, дәуірдің психологиялық атмосферасының контекстінде жүзеге асып, нақты мәнге ие болатынын ұмытпаған жөн. Ренессанс ауанында үміт пен үрей, біреулердің бетімен кеткен батылдығы, ал кейбіреулердің табанының астындағы топырақты жоғалтып алғандай сезімі бір-бірімен шарпысып жатты. Міне, осы – ғылыми-техникалық төңкерістің ауаны еді.

Қорқыныш – өмірлік бағыт-бағдардан адасудан туындаған болатын. Бірақ басынан өткергендер оны түсінбеді. Олар нақты айыптыларды іздеді, өмірді бүлдірген адамды тапқысы келді. Қорқыныш шындыққа айналуы көкседі. Ең алдымен, ғылымнан қорқу, қоғамдық санада артынан шайтан сығалап тұрғандай арам ниетті көз байлаушы-сиқыршы бейнесінде көрінген ғалым адамнан үрейлену пайда болды.

Үйреншікті өмір қалыбынан шығып қалған тоғышар үшін қауіптің тағы да бір ошағы діни және ұлттық азшылықтар болды. Шіркеу дінбұзарларды қай заманда да қудалаған, бірақ біз қарастырып отырған дәуірде оларға деген өшпенділік бұқаралық психологияның ерекше сипатына айналды. Тұрмыстық ауытқулар жағдайында кім басқалардан өзгеше сөйлесе, киінсе, басқаша ойлап, басқаша құлшылық жасаса, сол үрей тудырды. Сөйтіп Батыс Еуропада нәсілдік қудалау басталды. Дегенмен сол уақыттың барлық қорқынышы үшінші үрей – сиқырдан қорқуға келіп тоғысады.

Гуманистер адамға орын босату үшін Құдайды ығыстырды. Бірақ бұқаралық тоғышарлардың ойында ол орынды Шайтан иемденді. Тарихшылар XVI–XVII ғасырларды «сайтанның алтын ғасыры», «сайтандықтың жарылысы» деп атайды. Батыстағы ортағасырлық шіркеу мыстандарды әрдайым қудалаған және Рим куриясының жауапкершілігіне ерекше мән берген тарихшылар, бұл істегі қайғылы нәтижелерге алып барған VII Иннокентийдің булласының маңызын және доминикандық Шпренгер мен Инститористың аты шулы «Мыстандар балғасы» еңбегін өте дұрыс атап өтеді. Дегенмен Г. Роскофтың өзі соңғы бес жылдық изуверлік жұмысында қырық сегіз адамды өртегендерін, ал XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында Германияның көптеген қалаларында жексенбі сайын елуге жуық «мыстанды» бір-ақ өртеп отырғандарын атап көрсеткен. Сол заман өкілдерінің айтуынша, кейбір жерлерде мүлде



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 23. Техникалық даму – мәдениеттану мәселесі ретінде

әйел қалмаған, сол себепті тұрғын халықтың саны күрт төмендеді. Қорқыныш індеті Швеция мен Шотландиядан Италияға дейінгі және шығыста Венгриядан батыста Испанияға дейінгі кеңістікті шарпыды. Шайтанмен күресті жалау етіп Мексикада халықты жаппай қырып-жою жүргізілді. Әсіресе қорқыныш дүрбелеңі қамтыған халықтың орта табы мыстандарды ұстауға көптеп тартылды. Экономикалық жағдайдың нашарлауы мүліктік дау-жанжалдарды туғызды, қызғаныш пен ашу адамдардың ойына дуалаушылықпен айыптауды салды, қорқыныш пен күдікшілдік шағымды автоматты түрде үкімге айналдыратын атмосфера қалыптастырды, ал әрбір жаңа өрт, бір жағынан, қорқыныш атмосферасын арттырды, ал, екінші жағынан, кезекті жәбірленушінің есебінен тез байып кету деген азғырынды ойға итермеледі. Мотивтердің баттасуы «көшкін логикасын» тудырды. Дегенмен де, мыңдаған өрт ошағы Еуропа аспанын қақтап тұрса, дәл сол уақытта байлықтың қайта бөлінуі, биліктегі тұлғалардың ауысуы жүріп жатты, себебі қорғану мүмкін емес айыптаулар әркімнің басына түсуі мүмкін еді.

Қорқыныш атмосферасы сот процедурасын жеңілдетуге және орта ғасырларда қолданылған айыпталушылардың мүдделерін қорғаудың барлық дәстүрлі нормаларын жоюға әкелді. Азаптау шектеулері іс жүзінде жойылды. Жұлып алынған өзін-өзі айыптау – кінәсінің дәлелі болып саналды. Мысалы, әйгілі саксондық заң білгірі Карпцов сынды ғалым заңгерлер мыстандардың іс-әрекетіне әдеттегі сот процедураларының қолдануға жарамсыздығын ғылыми дәйекпен дәлелдеген. Ал атақты гуманист Жан Боден болса былай деп жазды: «Әдеттегі сот процедуралары қолданылатын болса миллиондаған мыстанның бірде-бірі айыпталмайтын да, жазаланбайтын да еді: күдік – азаптау үшін жеткілікті дәлел болып табылады, өйткені қауесеттер тегіннен-тегін туындамайды». Қауіпсіздік кепілдігінен айыпталушылар ғана емес, олардың адвокаттары да айырылды. Эразмның шәкірті Иоан Вир ғылыми трактатында мыстандар – жазалауды емес, аяушылықты қажет ететін рухани сырқат әйелдер екенін дәлелдеуге тырысқан кезде, Боден оның өзін сиқыршылыққа қатысы бар деп айыптады. Трирлік архиепископ Иоганн фон Шенебург протестанттарды, еврейлерді және мыстандарды қудалауда айрықша құлшыныс танытып, мыстандарды қостады деген айыппен университеттің ректорын да өртеп жіберді. Бамбергтің епископы Иоганн Георг II де сондай айыппен канцлерді, осы қаланың бес бургомистрі мен көптеген шенеуніктерін өртеп жіберді. Осындай жағдайларда «мыстандардың» процестерін жеңіп шығуға тырысқан Агриппа Неттесгеймский сынды санаулы қорғаушылардың батылдығын лайықты бағалау керек.

Мыстандар қуғынының негізгі құрбаны – әйелдер болды. Оған жеткілікті себептер де баршылық. Түрлі тарихи жағдайлардағы жаппай қорқыныш психозының аясында әртүрлі тарихи жағдайларда қайталанатын «қауіптілік мифологиясын» байқауға болады. «Бәріне қарсы» бағытталған кейбір жасырын біріккен топтың астыртын әрекеті туралы түсініктер пайда болады. Ерекше үрей тудыратыны – сол топтың мүшелері бір-бірін құпия белгілер арқылы тани отырып, өздері басқаларға беймәлім болып қалатындығы. Оларды анықтау заңды айғақтармен емес, судья мен айыптаушының «сезімі» арқылы жүргізіледі. Б. з. I ғасырында христиан Марк Минуций Феликс христиандар туралы көшедегі қауесеттерді жинап, оларды «Октавий» диалогында жоққа шығарды. Орта ғасырларда әйелдер – сан жағынан емес, әлеуметтік және мәдени тұрғыда – азшылық жағдайында болды. Осының өзі жаңа шарт-жағдайларда оларға күдікпен қарауға итермеледі. Дегенмен Қайта өрлеу дәуірі еуропалық әйел психологиясы үшін бекер өте шыққан жоқ – өмірде белсенді позицияға ие бола бастады. Ол орташа ер адамға қарағанда әлдеқайда «жаңа адам» болды, ең аз дегенде алға қарай көбірек қадам жасады. Егер әйел қандай да бір оғаш қылық көрсетсе, бағдарынан жаңылған қалың бұқара үшін ол келіп жеткен «шайтан патшалығының» шынайы көрінісі болды.

Бұрын-соңды болмаған әйелдерді қуғындау эпидемиясының мәнін айқындау үшін олардың арасында қайсысының мыстандар қатарына жатқызылу қаупі көбірек болғанын анықтап алу керек. Бұл мәселені арнайы зерттеген А. Макфарлен экономикалық факторлардың ешқайсысы мыстандарды қудалаудың себебін түсіндіре алмайды деген қорытындыға келеді. Делюмо, мыстандар қуғыны құрбандарының көпшілігі кемпірлер екенін ескере отырып, оны ренессанстық сұлулық культімен және физикалық сиықсыздықты жек көрушілікпен байланыстырады. Көптеген деректердің негізінде кемпірлермен бірге жас қыздар және ең ерте жастағы қыз балалар, «бөтен», ауру, ең әдемі және ең ұсқынсыз әйелдер де осы қауіпке ұшыраған деген қорытынды жасауға болады. 1629 жылы Вюрцбергте өлтірілгендердің



тізімінде, мәселен: «Вюрцбергтегі ең сұлу әйел» немесе «тым әдемі» киінген әйел деген белгілер кездеседі. «Вюрцбергтегі ең семіз адам» деп танылған Баунах қалалық басқарушысы да өртелді. Сонымен қатар, ең үздік музыкант та, соқыр қыз да, ең кедейлер мен ең бай адамдар да өрттелген. Орташа нормаларды тұрақсыздандыратын бұзылуларға, шектен шығуларға деген қорқыныш анық байқалады.

Техниканың дамуы қорқыныш атмосферасын азайтпады, керісінше, қайшылықты түрде оған түрткі болып отырды. Зерттеушілер шайтандық эпидемиядағы баспаның рөлін осылай атап көрсетті. Нақ осы баспа станогының арқасында мыстандар туралы орта ғасырда болуы мүмкін еместей кең ауқымда әдеби «жарылыс» жасалды. Аты шулы «Мыстандар балғасы» XVI ғасырда көп рет басылып шыққан, инквизицияның кодексі болған бұл кітаптың тиражы 50 000 данаға, сайтан-әлектің энциклопедиясы болған – отыз үш томдық «Сайтандар театрының» тиражы – 231 600 данаға жетті. Шайтанға деген үрейге толы Лютер мен Кальвиннің шығармалары өте көп басылыммен таралады. Боденнің «Сиқыршылардың жын-пері-әлегі туралы» кітабы 1578–1604 жылдар аралығында латынша түпнұсқасында бес рет басылым көріп, француз, неміс және басқа да тілдерге аударылды. Фауст немесе Дракула жайлы кітаптар сияқты жәрмеңкелік «халық» кітаптарының айналымын санап шығу мүмкін емес. Процестердің материалдарына жүргізілген талдаулар көрсеткендей, сиқыршылық жасады деп айыпталған көптеген әйелдер өздерінің түсініктемелерінде осы тектес баспа әдебиеттерімен анық таныс екендігін көрсетеді, бұл олардың өзін-өзі кінәлауы болып есептеледі. Оқшауланған шағын орташықтарға бөлінген ортағасырлық қоғамда мыстаннан қорқу індеті мұндай панконтиненттік деңгейде таралмас еді деп сенімді түрде айтуға болады. Сайып келгенде, біз оқиғалардың қайшылықты байланысын анықтай аламыз: ғылым мен техника саласындағы өте жылдам, жарылыс іспеттес прогресс күнделікті өмірдің бүкіл жүйесін төңкеріп тастап, тек әлеуметтік ортаны ғана емес, дәуірдің психологиялық құрылымын да өзгертеді. Бұл типтік әрі тарихи қайталанатын қақтығыстарды тудыратын салдарларға алып барады.

Біріншіден, қоғамдық өмір формаларын, есте сақтау мен есептеуді ұйымдастыру, нәтижелерді болжау мүмкіндіктері кеңейеді.

Екіншіден, жеке шығармашылық қызметтің мүмкіндіктері ашылады. Бұл процестер өте шиеленісті және ақырғы көріністерінде, бір жағынан, тұралауды, екінші жағынан, тұрақсыздықты тудыруы мүмкін.

Үшіншіден, шығармашылықтың тасқындаған мүмкіндіктері мен тіршіліктің әдеттегі қалыбының жылдам өзгеруі бұқараны бағытынан жаңылдырады. Әдеттегі жайттар әсерлілігін жоғалтады, бұл жаппай күйзеліс пен қорқынышты тудырады және сананың терең архаикалық моделін қалпына келтіреді. Ғылыми ілгерілеудің аясында психологиялық регресс орын алуы мүмкін, ол өзінің әлеуетті мүмкіндіктерімен бақылауға көнбейтін салдарларға алып барады. Ғылым оқиғалардың болжамдылығын арттырады, алайда шынайы өмір мүлдем болжауға келмейтін жайттарды ұсына алады.

Дегенмен бұл жерде тек техникалық прогресс мәселесі ғана болса, апатты салдар туындамас еді: зерттеулер көрсеткендей, ұлы ғылыми-техникалық төңкерістер бүкіл әлеуметтік-мәдени семиотика жүйесін түбегейлі өзгертетін семиотикалық төңкерістермен өзгерместей үйлесім табады. Ең алдымен, адамның айналасындағы – мәдени кеңістігін толтыратын – заттық әлемнің амал-әрекеттік қана емес, семиотикалық функциясы да бар екенін атап өту керек. Заттық әлемдегі күрт туындаған өзгерістер әлемді семиотикалық түрде қабылдаудың үйреншікті ережелеріне қатынасты өзгертеді.

Орта ғасырларда адамдар киелі тілде айтылған және табиғаты құдіретті шүбә келтірместей мәртебелі Сөзді білетін. Ол сөз күнделікті тұрмыстағы сөзге қарағанда тек ақиқат болып табылатын, сондай-ақ ол адами бассыздықтардың ықпалынан толықтай азат етілген болатын. Бұл тыңдаушыларға түсіндіруге мүрсат берді, өйткені толық жетілмеген еді, алайда сөйлеушінің екі ұштылығына жол бермеді. Шын мәнінде ол мағынаға ие болғанымен, прагматикасы болмады. Прагматика қасиетті Сөзді жеткізуші адамның аузында ғана туындайтын. Мағынаға ие бола бастаған кезде, оны түсіну керек болды.

Ренессанстың сөзі адами болып шықты. Ол күрделі референцияда өсіп жетілді. Сөздің ниетке қарай әртүрлі мағынаға ие болатыны айқындалды. Сөз саясат секілді қу әрі жеке



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 23. Техникалық даму – мәдениеттану мәселесі ретінде

мәнділікке ие болды. Оның өмірмен түйісуі мағына шығару емес, көбіне мағынаны жасыру заңдылығына бағынды.

Сонымен қатар, кешегі күннің мызғымас негіздеріне сенімдерін жоғалтқан, дүрмекке ілескен бұқара санасының сөзді қысқартып, «догмалауға» тырысуы кең ауқымды даурықпаларға айналып кетіп жатты. Сөзге сенімсіздік танытуға тыйым салу, мәселен, мыстандарды соттау барысында жай ғана айыптаудың өзі оған шығарылған үкім болып саналуына әкеп соқты. Айтылған сөзге күмән келтіру – шайтанның жағына өтумен пара-пар болды. Шағым жасалып, айыптау қорытындысы шығарылған соң, тергеудің бір ғана мақсаты болды – айыпталушының өз сөзімен айыптаушылардың сөзін растауы. Өсек немесе қауесет сөздер кім, не үшін, қандай мақсатпен айтты? деген сияқты сұрақтардан босатылды. Олар еш күмәнсіз болды. Кейін оған жаңа абырой иесі – басып шығарылған сөз келіп қосылды. Мыстандарды қуғындау дәуірінде басып шығару қауесеттерді жоймай, керісінше, олармен тұтасып кететінін бақылау қызықты көрінеді. Мұны ХХ ғасырдағы коммерциялық кино мен телевиденияның қоғамдық сана мифтерін сейілтпей, керісінше, жайып таратуымен салыстыруға болады.

Адамзат тарихындағы әрбір шұғыл өзгеріс жаңа күштерді еркіндікке шығарады. Мұндағы қайшылық – ілгері жылжу архаикалық мәдени модельдер мен сана-сезім модельдерінің жаңғыруына түрткі болуы, ғылыми жетістіктерді де, қалың бұқаралық үрей індетін де тудыру мүмкіндігінде жатыр. Аталмыш мәселені ұғыну және осы жағдайда жұмыс істейтін әлеуметтік-мәдени, психологиялық және семиотикалық тетіктерді меңгеру тек ғылымның ғана міндеті болып қалмайды.